

**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің
08.04.2020 жылғы жалпы отырысының
стенограммасынан үзінді көшірме
Отырысты Қазақстан Республикасы Парламенті
Мәжілісінің Төрағасы Н. НИГМАТУЛИН жүргізді.**

**Выписка из стенограммы пленарного заседания
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
от 08.04.2020 года
Вел заседание Председатель
Мажилиса Парламента Республики Казахстан
Н. НИГМАТУЛИН.**

ТӨРАҒА. Құрметті депутаттар, келесі мәселе – «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасы жөнінде (екінші оқылым). Бұл мәселе бойынша да сөз Әлеуметтік-мәдени даму комитетінің төрағасы депутат Мамраев Бейбіт Баймағамбетұлына беріледі.

МАМРАЕВ Б.Б. Рақмет.

Құрметті Нұрлан Зайроллаұлы! Құрметті әріптестер! «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне салық салу мәселелері бойынша өзгерістер енгізу туралы» Заң жобасы 2020 жылғы 1 сәуірде бірінші оқылымда мақұлданды.

Оның мақсаты басқа мемлекеттердің аумағындағы ұрыс қимылдарының ардагерлері үшін салықтық жеңілдіктер беру және бірыңғай терминологияны қолдану бөлігінде Салық кодексінің нормаларын «Ардагерлер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасына сәйкес келтіру болып табылады.

Бірінші оқылымнан кейін заң жобасымен жұмыс істеу барысында заң жобасының тақырыбын «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» деп өзгерту жөнінде түзету енгізілді.

Парламент Мәжілісінің барлық комитеттері заң жобасы бойынша оң қорытындыларын берді.

Осы айтылғандарды ескере отырып, «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексіне (Салық кодексі) және «Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» Қазақстан Республикасының Кодексін (Салық кодексі) қолданысқа енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын екінші оқылымда

мақұлдап, оны Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының қарауына жіберуді сұраймын.

Назарларыңызға рақмет.

ТӨРАҒА. Құрметті әріптестер, бас комитеттен осы заң жобасы бойынша бір ғана ұсыныс түсті, ол – заң жобасын тұтастай мақұлдау. Басқа пікірлеріңіз жоқ болса, онда осы ұсынысты дауысқа қоюға рұқсат етіңіздер. Дауыс беру режимі қосылсын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. Шешім қабылданды.

Қаулының жобасы сіздерде бар, сол бойынша да дауыс берулеріңізді сұраймын.

Нәтижесін экранға беріңіздер. «Қатысып отырғандар» – 78, «жақтағандар» – 78. Қаулы қабылданды.



*Дүрәс! Құжаттамамен қамтамасыз ету
бөлімінің сектор меңгерушісі
Майя Н. Майғынзаров.*